

Субсидиялардың нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 151 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 28 сәуірде № 4202 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 113 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 25.04.2025 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына және "Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-1/168 бұйрығымен бекітілген Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 5-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11151 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жеміс-жидек дақылдарының көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіруге (оның ішінде қалпына келтіруге) арналған субсидиялардың нормалары (1 гектарға) осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің "Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы" 2016 жылғы 25 тамыздағы № 442 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3947 тіркелген, 2016 жылдың 6 қыркүйегінде "Жетісу" және "Огни Алатау" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алманың "Апорт" сортын отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге
арналған субсидиялар нормалары (тіреуіш бағаналарын орнатуға арналған
шығындарды қоспағанда)**

теңге/ гектар

Отырғызу схемасы, метр	Отырғызу және өсіру (1 өсу жылы)		2 өсу жылы		3 өсу жылы	
	барлық шығындары	субсидиялар нормасы (40%)	барлық шығындары	субсидиялар нормасы (40%)	барлық шығындары	субсидиялар нормасы (40%)
8х6	1 695 800	678 320	440169	176068	440664	176266

Кестенің жалғасы

4 өсу жылы		5 өсу жылы		6 өсу жылы		7 өсу жылы	
барлық шығындары	субсидиялар нормасы (40%)	барлық шығындары	субсидиялар нормасы (40%)	барлық шығындары	субсидиялар нормасы (40%)	барлық шығындары	субсидиялар нормасы (40%)
491939	196776	441939	176776	446614	178646	496614	198646

Ескертпе: Алманың "Апорт" сортының отырғызылатын көшеттерінің
телітушісі Сиверс немесе Недзвецкого болуы тиіс